



**БЕКІТЕМІН**  
**«Қарағанды облысы**  
**білім беруді дамытудың**  
**оку-әдістемелік**  
**орталығының» КМҚК**  
**директоры**

**Б.Х. Абдикерова**  
«7» 08 2022 жыл

**«Химия» және «Биология» пәндері  
бойынша облыстық бейне-сабактар байқауы туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Байқаудың жалпы ережелері**

Осы ереже «Химия» және «Биология» пәндері бойынша облыстық бейне-сабактар байқауын (байқау) өткізу және қатысу тәртібін, шарттарын және қаржыландыру тәртібін реттейді.

Байқау, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оку-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

**2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері.**

2.1. Байқаудың мақсаты: заманауи білім беру технологиялары мен әдістерін қолдану арқылы қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін кеңейту және химия, биология пәндері бойынша үздік бейне-сабактарды іріктеу.

**2.2. Байқау міндеттері:**

- қашықтықтан оқыту жағдайында әдістемелік қолдауды ұйымдастыру;
- Қарағанды облысының виртуалды білім беру кеңістігінде үздік бейне-сабактар қорын жинақтау.

**3. Байқау жұмыстары жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жүргізілу қажет.**

**4.1. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар.**

**4.1.1. Мазмұны бойынша:**

- ҚР МЖМБС оку бағдарламаларына, оқулықтарға сәйкестігі;

- мазмұнының облыстық байқау бағыттарына сәйкестігі;

**4.1.2. Бейнематериалдардың техникалық сипаттамалары:**

- ең төменгі өлшемі (720x480) қатынасы (16:9);

- пішімі \*.mp4.;

- бейнематериалдың хронометражы 30 минутқа дейін.

4.1.3. Ушінші тарап аудио және бейне контент өндірушілерінің авторлық құқықтарын сактау.

**5. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:**

- мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі;
- сабак тақырыбының ашылуы;
- сабакты өткізу сапасы;
- сабактағы құндылыққа бағытталған тәсіл;

- байқау материалының мазмұны (жұмыс көлемі, қосымшалардың болуы);

- безендіру және түсіру сапасы;
- өзіндік ерекшелігі;
- шығармашылық даралықтың көрінісі;
- болашақта материалды кеңінен қолдану мүмкіндігі;

## **6. Байқауға қатысу тәртібі.**

6.1. Байқауға ведомстволық бағыныстырығына, типіне және меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының химия және биология пәні мұғалімдері қатыса алады.

6.2. Байқауға химия, биология пәндері және мамандандырылған мектеп-лицей интернаттар мұғалімдерінің химия, биология жұмыстары жеке қаралып, марапатталады.

6.3. Бейне-сабактар YouTube каналына жүктеліп, сілтемесін өтініште көрсетіп, [umc-ro@umckrg.gov.kz](mailto:umc-ro@umckrg.gov.kz) электронды мекенжайына жіберіледі.

6.4. Байқауға ұсынылатын бейнематериалдардың саны біреуден аспауы керек. Өтінім үлгі бойынша толтырылуы қажет (1-қосымша).

## **7. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі.**

Байқау қашықтықтан өткізіледі.

- 11 қарашаға дейін қалалық/аудандық деңгейде өткізіледі.

7.2. **Байқаудың екінші аймақтық кезеңі:** Үздік жұмыстарды іріктеу 12 қарашадан - 12 желтоқсанға дейін Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оку-әдістемелік орталығында өткізіледі.

7.3. **Байқаудың қорытындысы «Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оку-әдістемелік орталығы» КМҚК сайтында орналастырылады.**